


***§9. Молекулалардың қозғалысы.
Диффузия.***

ЕСІМІЗГЕ ТҮСІРЕЙІК

- Заттарды құрайтын бөлшектер қалай аталады?
- Табиғатта, Жер бетінде атомдардың неше түрі бар?
- Заттардың сан алуандығын қалай түсіндіруге болады?
- Молекула дегеніміз не?
- Заттардың молекулалары бірдей ме?
- Молекуланың көрнекі кескіні қалай аталады?



Молекулалар мен атомдардың ретсіз қозғалыстары салдарынан жанасып тұрған әр түрлі заттар бөлшектерінің бір-біріне өтіп таралуын **диффузия** деп аталады.

Диффузия сұйықтарда, газдарда, сұйықтарда және қатты денелерде жүреді

Диффузия құбылысынан мынадай қорытынды туады: денелерді құрайтын бөлшектер бір-бірінен белгілі бір қашықтықта орналасады және үздіксіз қозғалыста болады. Сөйтіп, дене көлемінің үлкен бөлігін бос кеңістік алып тұрады.

Дененің жылулық күйін сипаттайтын физикалық шама **температура** деп аталады.

Денелердің температурасын **термометрмен** өлшейді.

Дене молекулаларының қозғалыс жылдамдығы неғұрлым үлкен болса, оның температурасы да соғұрлым жоғары болады.

Сұйықтық термометрлер



Механикалық термометрлер



VI. Үйге тапсырма:

§9. 7 - тапсырма.

Электрлік термометрлер



Тұрмыстық термометрлер

